«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСК KKMFZ2A. БСН 000440001606.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
« ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИК KKMFKZ2A. БИН 000440001606.

09.04.2018 № 2-4-6/3Т-Т-375

«Гео Нұр құрылыс» ЖШС

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 27.03.2018ж. № 38 хатыңызға жауап ретінде келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 155-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшадағы «Біліктілігі туралы мәліметтер» Ескертудің 5-тармағына сәйкес, егер конкурс нысанасы құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

2018 жылғы 16 наурыздағы № 2058794 қорытындылар хаттамасына сәйкес, конкурстық комиссия «Гео Нұр құрылыс» ЖШС-не сатып алынатын жұмыстар нарығындағы тәжірибесі үшін 10 пайыз шартты жеңілдік беріп, жұмыс тәжірибесі 3 жыл деп көрсеткен.

Жүргізілген камеральдық бақылау барысында келесі жайлар анықталды:

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымша «Біліктілігі туралы мәліметтерде» Сіздер 2016, 2017 және 2018 жылдары орындалған жұмыстарды көрсеткенсіздер. Алайда 2018 жылы орындалған «Строительство систем водоснабжение в населенном пункте Кокбулак, сельского округа Актобе, Сарыагашского района, ЮКО» мен «Строительство систем водоснабжение в населенном пункте Жанатиршилик, сельского округа Бирлик, Сарыагашского района ЮКО» жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері берілмеген.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, конкурстық комиссия «Гео Нұр құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін 2 жыл деп көрсету керек.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы мен 14 баптың 6 тармағына сәйкес, Сіз лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ субъектінің шешімдеріне бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, жеке немесе заңды тұлғаға тиісті субъектінің немесе заңды тұлғаның іс-әрекет жасағаны не шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірілмей шағым беруіңізге болады.

Басшы **А. Каукетаев**

Тусупбеков Ж.
8(7212) 42 55 80